## "Зерттеу", "Топаз", "Маржан", "Алға", "Тұлпар", "Поиск", "Ақ бота", "Сенім", "Жарыс", "Толқын" Мемлекеттік холдинг компаниялары туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 17 қыркүйек N 901. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.10.28. N 1395 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Шаруашылық басқару органдарының жүйесін жетілдіру туралы" 1993 жылғы 23 маусымдағы N 1291 Жарлығын орындау үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жер қойнауын геологиялық зерделеу, пайдалану және қорғау мәселелерінде мемлекеттік және шаруашылық басқару функцияларын ажыратау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің Қазақстан Республикасы геология және жер қойнауын қорғау министрлігінің өндірістік-геологиялық бірлестіктерінің құрылымдық бөлімшелері, кәсіпорындары және акционерлік қоғамдары негізінде мынадай мемлекеттік холдинг компанияларын құру туралы:

а) геологиялық барлау жұмыстары бойынша:

- Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстарында - N 1 қосымшаға сәйкес құрамда, басқармасы Ақтөбе қаласында орналасатын "Зерттеу" мемлекеттік холдинг компаниясын;

- Шығыс Қазақстан және Семей облыстарында - N 2 қосымшаға сәйкес құрамда, басқармасы Өскемен қаласында орналасатын "Топаз" мемлекеттік холдинг компаниясын;

Көкшетау, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Торғай облыстарында - N 3 қосымшаға сәйкес құрамда, басқармасы Қостанай қаласында орналасатын "Маржан" мемлекеттік холдинг компаниясын;

- Ақмола, Жезқазған, Қарағанды, Павлодар облыстарында - N 4 қосымшаға сәйкес құрамда, басқармасы Қарағанды қаласында орналасатын "Алға" мемлекеттік холдинг компаниясын;

б) аумақтарында мұнай мен газға геологиялық барлау жұмыстары жүргізілетін облыстар бойынша;

- Ақтөбе облысында - N 5 қосымшаға сәйкес құрамда, басқармасы Ақтөбе қаласында орналасатын "Тұлпар" мемлекеттік холдинг компаниясын;

- Батыс Қазақстан облысында - N 6 қосымшаға сәйкес құрамда, басқармасы

Орал қаласында орналасатын "Поиск" мемлекеттік холдинг компаниясын;

- Атырау және Маңғыстау облыстарында - N 7 қосымшаға сәйкес құрамда, басқармасы Атырау қаласында орналасатын "Ақ бота" мемлекеттік холдинг компаниясын;

- Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Жезқазған, Торғай және Оңтүстік Қазақстан облыстарында - N 8 қосымшаға сәйкес құрамда, басқармасы Оңтүстік Қазақстан облысының Тоғыз поселкесінде орналасатын "Сенім" мемлекеттік холдинг компаниясын;

в) Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Талдықорған және Оңтүстік Қазақстан облыстарының аумақтарында қатты пайдалы қазбаларға геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу жөнінен N 9 қосымшаға сәйкес құрамда басқармасы Алматы қаласында орналасатын "Жарыс" мемлекеттік холдинг компаниясын;

Қазақ мемлекеттік "Волковгеология" кәсіпорны өзінің барлық бөлімшелерін сақтай отырып, "Жарыс" мемлекеттік холдинг компаниясының құрамына дербес кәсіпорын (акционерлендірілгеннен кейін акционерлік қоғам) ретінде енетін болып белгіленсін;

г) Қазақстан Республикасының аумағында мұнай және газға геофизикалық жұмыстар жүргізу жөнінен - N 10 қосымшаға сәйкес құрамда, басқармасы Атырау қаласында орналасатын "Толқын" мемлекеттік холдинг компаниясын құру туралы ұсынысы құпталсын.

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті осы қаулының N 1 тармағында аталған мемлекеттік холдинг компанияларына заңда белгіленген тәртіппен (бұдан әрі - компаниялар) олардың құрамына кіретін мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың мемлекеттік мүлкін иелену, пайдалану және басқару құқығын, сондай-ақ компания құрамына қосылып, құрылған акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін иелену, пайдалану және басқару құқығын табыстасын.

Мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдарды акционерленуіне қарай, Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға арналған (II кезең) Ұлттық бағдарламасында белгіленген тәртіп бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті өткеретін акциялар пакеттерінен басқа, акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттері компаниялардың иеленуіне, пайдалануына және басқаруына берілсін.

3. Компаниялар қызметінің негізгі мақсаты бәсекелік және экстерриториялық негізде мемлекеттік бюджет қаржысы есебінен, сондай-ақ геологиялық барлау ( геофизикалық) жүргізу деп белгіленсін және оларға:

- өздерінің құрамына кіретін кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметін, олардың қызметіне неғұрлым тиімді жағдай туғызу үшін үйлестіру;

- геологиялық барлау (геофизикалық) жұмыс жүргізуге тапсырыстар іздестіру ;

- өздерінің құрамына кіретін ұйымдарға қажетті өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымдар құруға жәрдемдесу;

- өздерінің құрамына кіретін бөлімшелерге пайдалы қазбалар кен көздерін игеруді ұйымдастыруға жәрдемдесу;

- геологиялық барлау (геофизикалық) жұмыстар процесіне ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерін енгізу;

- компанияларға кірген кәсіпорындар мен ұйымдардың басшыларын тағайындау және бекіту;

- еншілес қоғамдар мен кәсіпорындардың Байқаушы кеңестерін қалыптастыру, оларға өздерінің өкілдерін тағайындау;

- компанияларда жұмылдыру дайындығы мен азаматтық қорғаныс жөніндегі функциялар мен міндеттерге құқықтық мұрагерлікті қамтамасыз ету жүктелсін.

4. Компаниялар бұрын құрылған акционерлік қоғамдардың Байқаушы кеңестерінің құрамына өз өкілдерін тағайындасын және олардың басшылығына бұрынғы қалпында қалдырсын.

5. Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі:

- компаниялар қызметін қамтамасыз ету жөнінде ұйымдастыру шараларын қабылдасын;

- Компанияға кіретін кәсіпорындар мен мемлекеттік басқару функцияларын жүзеге асыратын ұйымдар арасында негізгі құрал-жабдықтар бөлісін жүргізсін;

- бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетіне келісу үшін Байқаушы кеңестердің дербес құрамы мен компаниялар президенті қызметіне кандидатуралар жөнінде ұсыныстар енгізсін.

6. Компаниялардың Байқаушы кеңестері екі ай мерзімде

компаниялар басқармаларының құрылымы мен аппараттарының санын анықтасын.

7. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті және оның аумақтық комитеттері Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігімен және Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігімен бірлесіп, компанияларға қолдағы ресурстар есебінен қажетті қызмет үй-жайларын, техникалық жабдықтар, телефон және телекс байланысы арналарын бөліп берсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 17 қыркүйектегі
N 901 қаулысына
N 1 қосымша

"Зерттеу" мемлекеттік холдинг компаниясына
кіретін ұйымдар мен кәсіпорындардың
Тізбесі

Бұрынғы Батыс Қазақстан өндірістік геологиялық бірлестігінің ұйымдары:

Шығыс Орал геологиялық барлау экспедициясы, Ақтөбе облысының Донское поселкесі
Маңғыстау геологиялық барлау экспедициясы, Маңғыстау облысының Қосбұлақ поселкесі
Мұғаджар геологиялық-геофизикалық экспедициясы, Ембі қаласы
Индер геологиялық барлау партиясы, Атырау облысының Индербор поселкесі
Өндірістік-техникалық жабдықтау және жинақтау басқармасы (ӨТЖЖБ), Ақтөбе қаласы
"Шақаш" бірлескен кәсіпорны, Ақтөбе қаласы
Орталық лаборатория, Ақтөбе қаласы
"Геохим" мемлекеттік шағын кәсіпорны, Атырау облысының Индербор поселкесі
"Самоцветы" шағын кәсіпорны, Ақтөбе қаласы

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 17 қыркүйектегі
N 901 қаулысына
N 2 қосымша

"Топаз" мемлекеттік холдинг компаниясына
кіретін ұйымдар мен кәсіпорындардың
Тізбесі

Бұрынғы Шығыс Қазақстан өндірістік геологиялық бірлестігінің ұйымдары:

"Асу бұлақ" геологиялық өнеркәсіптік кәсіпорны, Шығыс Қазақстан облысының Асу бұлық поселкесі

"Белоусовка" геологиялық өнеркәсіптік кәсіпорны, Шығыс Қазақстан облысының Белоусовка поселкесі

"Восток" геологиялық өнеркәсіптік кәсіпорны, Өскемен қаласы

"Зыряновск" геологиялық өнеркәсіптік кәсіпорны, Зырянов қаласы

"Шемонаиха" геологиялық өнеркәсіптік кәсіпорны, Шығыс Қазақстан облысының Шемонаиха қаласы

"Шыңғыс-Тарбағатай" геологиялық өнеркәсіптік кәсіпорны, Семей облысының Аякөз қаласы

"Зайсан" гидрогеологиялық кәсіпорны, Шығыс Қазақстан облысының Зайсан қаласы

Орталық лаборатория, Өскемен қаласы

"Абразив" кәсіпорны, Өскемен қаласы

"Геолог" өндірістік-техникалық қамту кәсіпорны, Өскемен қаласы

"Кенді Алтай" өнеркәсіптік-құрылыс кәсіпорны, Өскемен қаласы

Жұмысшыларды жабдықтаудың Семей бөлімшесі, Семей қаласы

Оқу-курстық комбинаты, Шығыс Қазақстан облысының Перевальное поселкесі

Лениногор геологиялық барлау экспедициясы, Лениногор қаласы

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 17 қыркүйектегі
N 901 қаулысына
N 3 қосымша

"Маржан" мемлекеттік холдинг компаниясына
кіретін ұйымдар мен кәсіпорындардың
Тізбесі

Бұрынғы Солтүстік Қазақстан өндірістік геологиялық бірлестігінің ұйымдары:

Темір кені геологиялық барлау экспедициясы, Рудный қаласы

Жітіқара геологиялық барлау экспедициясы, Жітіқара қаласы

Көкшетау геологиялық барлау экспедициясы, Көкшетау қаласы

Торғай геологиялық барлау экспедициясы, Арқалық қаласы

Кешенді геологиялық-экологиялық экспедициясы, Қостанай қаласы

Орталық лаборатория, Қостанай қаласы

Заречное геологиялық-өнеркәсіптік экспедициясы, Қостанай облысының Затобол поселкесі

"ГЕОС" кәсіпорны, Қостанай қаласы

Кірпіш зауыты, Қостанай қаласы

Жұмысшыларды жабдықтаудың Қостанай бөлімі, Қостанай қаласы

"Боксит" шағын ауыл шаруашылық кәсіпорны, Қостанай қаласы

"Бұлақ" шағын кәсіпорны, Қостанай қаласы

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 17 қыркүйектегі
N 901 қаулысы
N 4 қосымша

"Алға" мемлекеттік холдинг компаниясына
кіретін ұйымдар мен кәсіпорындардың
Тізбесі

Бұрынғы Орталық Қазақстан өндірістік геология бірлестігінің ұйымдарды:

Ағадыр геологиялық барлай экспедициясы, Жезқазған облысының Ағадыр стансасы

Галеев геологиялық барлау экспедициясы, Қарағанды облысының Шахты қаласы

Жәйрем геологиялық барлау экспедициясы, Жезқазған облысының қала үлгісіндегі Жәйрем поселкесі

Қарағайлы геологиялық барлау экспедициясы, Қарағанды облысының Қарағайлы поселкесі

Қарағанды геологиялық барлау экспедициясы, Қарағанды қаласы

Майқайың геологиялық барлау экспедициясы, Екібастұз қаласы

Целиноград геологиялық барлау экспедициясы, Ақмола қаласы

Геология-геохимиялық экспедициясы, Қарағанды қаласы

Орталық лаборатория, Қарағанды қаласы

Жұмысшыларды жабдықтау бөлімі (ЖЖБ), Қарағанды қаласы
Жаңа техниканың тәжірибе-әдістеме партиясы, Қарағанды қаласы
"Жосалы" санаторийі, Қарағанды қаласы
Оқу-курстық комбинаты, Қарағанды қаласы
Өндірістік-техникалық жабдықтау мен жинақтау басқармасы (ӨТЖЖБ), Қарағанды қаласы
Шаруашылық есептегі жөндеу-құрылыс учаскесі, Қарағанды қаласы
Тұрғын үй-пайдалану кеңсесі, Қарағанды қаласы

Балқаш геологиялық барлау экспедициясы, Балқаш қаласы

Жезқазған геологиялық барлау экспедициясы, Жезқазған қаласы

Қазақ мемлекеттік "Степгеология" кәсіпорны, Ақмола облысының Макин қаласы, құрамында:

N 92 геологиялық барлау экспедициясы, Көкшетау облысы
N 55 геологиялық барлау экспедициясы, Жезқазған облысы
N 47 геологиялық барлау экспедициясы, Көкшетау облысы
N 41 геологиялық барлау экспедициясы, Ақмола облысының Макин қаласы
N 37 геологиялық барлау экспедициясы, Көкшетау облысы
N 33 іздестіру-картаға түсіру экспедициясы, Ақмола облысының Макин қаласы
Геологиялық-экономикалық зерттеу әдістемелік партиясы (ГЭЗӘП) Ақмола облысының Макин қаласы
Орталық талдау лабораториясы, Ақмола облысының Макин қаласы
Өндірістік-техникалық жабдықтау мен жинақтау басқармасы, Ақмола облысының Макин қаласы
Жұмысшыларды жабдықтаудың Макин бөлімі, Ақмола облысы

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 17 қыркүйектегі
N 901 қаулысына

N 5 қосымша

"Тұлпар" мемлекеттік холдинг компаниясына
кіретін ұйымдар мен кәсіпорындардың
Тізбесі

Бұрынғы "Ақтөбемұнайгазгеология" өндірістік геология бірлестігінің ұйымдары:

Жаңажол мұнайгазбарлау экспедициясы, Ақтөбе облысының Қарғалы селосы

Ақтөбе мұнайгазбарлау экспедициясы, Ақтөбе қаласы

Кеңқияқ мұнайгазбарлау экспедициясы, Ақтөбе қаласының Шұбаршы поселкесі

Скважиналарды сынау және бекіту жөніндегі Ақтөбе экспедициясы, Ақтөбе қаласы

Автокөлік кәсіпорны, Ақтөбе қаласы

Тәжірибе-әдістеме партиясы, Ақтөбе қаласы

Қарғалы жылу және инженерлік желілер кәсіпорны, Ақтөбе облысының Қарғалы селосы

Өндірістік-техникалық жабдықтау мен жинақтау басқармасы (ӨТЖЖБ), Ақтөбе қаласы

"Ақтөбегеолқұрылыс" мемлекеттік шағын кәсіпорны, Ақтөбе қаласы

Жұмысшыларды жабдықтаудың Ақтөбе бөлімі, Ақтөбе қаласы

"Прикаспий" пансионаты, Ставрополь өлкесінің Қызылқорған селосы

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1993 жылғы 17 қыркүйектегі
N 901 қаулысына
N 6 қосымша

"Поиск" мемлекеттік холдинг компаниясына
кіретін ұйымдар мен кәсіпорындардың
Тізбесі

Бұрынғы "Оралмұнайгазгеология" өндірістік геология бірлестігінің ұйымдары:

Оралмұнайгазбарлау экспедициясы, Орал қаласы
Шаған мұнайгазбарлау экспедициясы, Батыс Қазақстан облысының Фурманов поселкесі
Солтүстік Каспий мұнайгазбарлау, скважиналар сынау экспедициясы, Батыс Қазақстан облысының Фурманов поселкесі
Мұналар құру кеңесі, Орал қаласы
Автокөлік кеңесі, Орал қаласы
Өндірістік-техникалық жабдықтау мен жинақтау басқармасы (ӨТЖЖБ), Орал қаласы
Жұмысшыларды жабдықтаудың Орал бөлімі, Орал қаласы
Қосалқы шаруашылық, Орал қаласы

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 17 қыркүйектегі
N 901 қаулысына
N 7 қосымша

"Ақ бота" мемлекеттік холдинг компаниясына
кіретін ұйымдар мен кәсіпорындардың
Тізбесі

Бұрынғы Атырау мұнай газ барлау өндірістік бірлестігінің ("Атыраумұнайгазбарлау" ӨГБ) ұйымдары:

Солтүстік Ембі мұнайгазбарлау экспедициясы, Атырау облысының Придорожный поселкесі

Прикаспий мұнайгазбарлау экспедициясы, Атырау облысының Придорожный поселкесі

Оңтүстік Ембі мұнайгазбарлау экспедициясы, Атырау облысының Құлсары поселкесі

Балықшы мұнайгазбарлау, скважиналар сынау экспедициясы, Атырау облысының Придорожный поселкесі

Шаруашылық есептегі жөндеу құрылысы учаскесі, Атырау облысының Придорожный поселкесі

Құрылыс-монтаж жұмыстары басқармасы, Атырау облысының Придорожный поселкесі

Автокөлік кәсіпорны, Атырау облысының Придорожный поселкесі

Өндірістік-техникалық жабдықтау мен жинақтау басқармасы (ӨТЖЖБ), Атырау облысының Придорожный поселкесі

Жұмысшыларды жабдықтаудың Атырау бөлімі, Атырау облысының Придорожный поселкесі

"Каспий" совхозы, Атырау облысының Жұмыскер поселкесі

"Қазақстан геологы" пансионаты, Ставрополь өлкесінің Иноземцев поселкесі

Бұрынғы Маңғыстау мұнай және газ барлау өндірістік бірлестігінің ("Маңғыстаугазбарлау" ӨБ) ұйымдары:

N 1 мұнайгазбарлау экспедициясы, Маңғыстау облысының Ерәлиев поселкесі

N 2 мұнайгазбарлау экспедициясы, Маңғыстау облысының Ерәлиев поселкесі

Скважиналарды сынау экспедициясы, Ақтау қаласы

Жұмысшыларды жабдықтау бөлімі (ЖЖБ), Маңғыстау облысының

Ерәлиев поселкесі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 17 қыркүйектегі
N 901 қаулысына
N 8 қосымша

"Сенім" мемлекеттік холдинг компаниясына
кіретін ұйымдар мен кәсіпорындардың
Тізбесі Оңтүстік Қазақстан мұнайбарлау экспедициясы, Оңтүстік Қазақстан облысының Тоғыз поселкесі Ленгір мұнайбарлау, сынама алу және скважиналарды сынап көру экспедициясы, Оңтүстік Қазақстан облысының Таскешу поселкесі Сырдария мұнайбарлау экспедициясы, Қызылорда қаласы, Александров поселкесі "Южказгеолторг" акционерлік қоғамы, Шымкент қаласы, Жаңа Тұрлан поселкесі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 17 қыркүйектегі
N 901 қаулысына
N 9 қосымша

"Жарыс" мемлекеттік холдинг компаниясына
кіретін ұйымдар мен кәсіпорындардың
Тізбесі

Бұрынғы Оңтүстік Қазақстан өндірістік геологиялық кәсіпорынының ұйымдары:

Қаратау геологиялық барлау экспедициясы, Оңтүстік Қазақстан облысының Кентау қаласы, оның ішінде құрамында:

"Барит" шағын кәсіпорны, Оңтүстік Қазақстан облысының Кентау қаласы

"Брекчия" шағын кәсіпорны, Оңтүстік Қазақстан облысының Кентау қаласы

"Жаңатас" геологиялық барлау экспедициясы, Жаңатас қаласының Бүркітті поселкесі

Жоңғар геологиялық барлау экспедициясы, Текелі қаласындағы Тельман поселкесі

"Қайнар" барлау-өндіру кәсіпорны, Оңтүстік Қазақстан облысының Георгиевка селосы, оның ішінде өз құрамында:

"Геосервис" шағын кәсіпорны, Оңтүстік Қазақстан облысының Георгиевка селосы

Оңтүстік Қазақстан алтын кенді экспедициясы, Алматы қаласы, оның ішінде өз құрамында:

"Кенші" кен өндірісі кәсіпорны, Алматы қаласы

Орталық лаборатория, Алматы қаласы

"Арман" акционерлік қоғамы, Алматы қаласы

"Гео-эко-орталық" жауапкершілігі шектелген қоғамы, Алматы қаласы

"Волкогеология" Қазақ мемлекеттік геологиялық кәсіпорны, Алматы қаласы, құрамында:

N 5 геологиялық барлау экспедициясы, Оңтүстік Қазақстан облысының Әйгене поселкесі

N 7 геологиялық барлау экспедициясы, Оңтүстік Қазақстан облысының Тайкөмір поселкесі

N 21 геологиялық барлау экспедициясы, Жамбыл облысының Қиякты поселкесі

N 39 геологиялық барлау экспедициясы, Алматы облысының Ақши поселкесі

N 23 геологиялық барлау экспедициясы, Қызылорда облысының Шиелі поселкесі

N 55 геологиялық барлау экспедициясы, Жамбыл облысының

Қордай поселкесі
N 37 геологиялық барлау экспедициясы, Алматы облысының
Ақбайлау поселкесі
Өндірістік-техникалық жабдықтау мен жинақтау басқармасы
(ӨТЖЖБ), Алматы қаласы
Материалдық-техникалық жабдықтау басқармасы (МТЖБ),
Алматы қаласы
Цифрлық өңдеу партиясы, Алматы қаласы
Өндірістік қамтамасыз ету партиясы, Алматы қаласы
Балабақша, Алматы қаласы
Құрылыс-монтаж басқармасы, Алматы қаласы
"Коммунальник" фирмасының жауапкершілігі шектелген
серіктестігі, Алматы қаласы
Граниторг кен байыту комбинаты, Жамбыл облысының Гранитогор
поселкесі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 17 қыркүйектегі
N 901 қаулысына
N 10 қосымша

"Толқын" мемлекеттік холдинг компаниясына
кіретін ұйымдар мен кәсіпорындардың
Тізбесі
<*>

Бұрынғы мұнай және газ геофизикалық жұмыстары жөніндегі Қазақ
мемлекеттік "Қазмұнайгазгеофизика" тресінің ұйымдары:

Ақтөбе геофизикалық экспедициясы, Ақтөбе облысының Қарғалы селосы

Атырау геофизикалық экспедициясы, Атырау қаласы

Маңғыстау геофизикалық экспедициясы, Атырау қаласы

Орал геофизикалық экспедициясы, Орал қаласы

Теңіз геофизикасы жұмыстарын жүргізуге мамандандырылған "Қазтеңізгеофизика" экспедициясы, Маңғыстау облысының Баутино поселкесі

Мұнай мен газға скважиналарды геофизикалық зерттеу жөніндегі Қазақ мемлекеттік тресі, Ақтөбе қаласы, құрамында:

Скважиналарды геофизикалық зерттеу жөніндегі Ақтөбе экспедициясы (Ақтөбе СГЗЖЭ), Ақтөбе облысының Қарғалы селосы

Скважиналарды геофизикалық зерттеу жөніндегі Батыс Қазақстан экспедициясы (Батыс Қазақстан СГЗЖЭ), Ақтөбе облысының Придорожный поселкесі

Скважиналарды геофизикалық зерттеу жөніндегі Маңғыстау экспедициясы (Маңғыстау СГЗЖЭ), Ақтау қаласы

Скважиналарды геофизикалық зерттеу жөніндегі Түлкібас экспедициясы (Түлкібас СГЗЖЭ), Оңтүстік Қазақстан облысының Түлкібас стансасы

Скважиналарды геофизикалық зерттеу жөніндегі Орал экспедициясы (Орал СГЗЖЭ), Батыс Қазақстан облысының Подстепное селосы

Ескерту. "Толқын" компаниясын құрамнан ұйымдар мен кәсіпорындар шығарылған - ҚРКМ-нің 5.04.1994 ж. N 333 қаулысына сәйкес.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК